

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктарын сайлау қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 қаңтарда № 31561 болып тіркелді.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 101) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 24.11.2023 № 599 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 1 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары;

2) 2 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктерін сайлау критерийлері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрі

C. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары  
білім министрінің  
2022 жылғы 30 желтоқсандағы  
№223 бүйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жана редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 24.11.2023 № 599 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 2-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 101) тармақшасына сәйкес әзірленді және Заңын 8-бабының 3-тармағына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанында құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының (бұдан әрі – Академия) академиктерін сайлау тәртібі айқынрайды.

2. Конкурстық құжаттаманы осы Қағидаларға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Академия әзірлейді және бекітеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Академия академиктеріне сайлануға үміткер (бұдан әрі – үміткер) - жоғары білімі және ғылыми дәрежесі бар, ғылыми ұйымда немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйінде жұмыс істейтін және осы Қағидаларға сәйкес конкурсқа қатысуға құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматы;

2) Академияның өтпелі тәралқасы – Академияның ғылыми дәрежесі бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен және ғылым саласындағы уәкілетті органның басшысынан тұратын Академияның уақытша алқалы консультативтік-кеңесші органы;

3) Академияның тәралқасы – осы Қағидаларға және Академия жарғысына сәйкес сайланған Академияның нақты академиктерінен тұратын Академияның алқалы консультативтік-кеңесші органы;

4) есеп комиссиясы – конкурс нәтижелері бойынша барлық балдарды есептеуді жүргізетін және Академия төралқасына қорытынды беретін кеңесші орган;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі – ғылым саласында ерекше жетістіктері бар, осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен және шарттарда сайланатын ғалым. Академиктер нақты және құрметті болып бөлінеді;

6) сараптама комиссиясы – сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес бағалауды жүзеге асыратын және әрбір үміткер бойынша қорытынды беретін кеңесші орган.

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының нақты академиктерін сайлау тәртібі**

### **1-Параграф. Конкурс жариялау және құжаттарды қабылдау**

4. Академияның негізгі академигін сайлау үшін ғылым саласындағы уәкілетті орган өтпелі төралқа жүзеге асыратын сайлау рәсімдерін қоспағанда, конкурс басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ресми интернет-ресурста құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды орналастырады.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруда:

1) конкурс өткіzetін ұйымның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген атаву;

2) конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми интернет-ресурста жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелең құжаттарды қабылдау мерзімі;

3) осы қағидаларда айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар және Академия бөлімшелері бойынша (ғылым салалары мен бағыттары бойынша) бос орындар саны туралы мәліметтер;

4) осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі және оларды ұсыну тәсілдері туралы ақпарат;

5) конкурсқа қатысу үшін өтініштің және қызметтік тізімнің нысандары;

6) шағымдану тәртібі туралы ақпарат;

7) әңгімелесу өткізу мерзімі мен орны туралы мәлімет қамтылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.**

5. Үміткерді ұсыну құқығы ғылыми ұйымға немесе үміткер штаттық қызметкер болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісінің аккредитациясы бар жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйимына (бұдан әрі – ұйым) беріледі.

6. Үміткерді ұсыну ұйымның алқалы басқару органының (ғылыми, ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық кеңестің) отырысында жүргізіледі.

Үміткер тек бір мамандық бойынша ұсынылады.

7. Конкурсқа қатысу үшін ұйым келесі құжаттарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұміткерді ұсыну туралы ұйымнан ілеспе хат.

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академияның нақты академигі (мүшесі) болып сайлануға арналған конкурсқа қатысуға арналған нысан бойынша өтініш;

3) ұміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (өтініш берген сөтте қолданыста болады);

4) құжаттарды қабылдау басталған күнге дейін бір айдан ерте емес берілген құжаттарды тапсыру сәтінде соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама;

5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығына бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану қағидалары сәйкес таныған ғылыми дәрежесін (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) растайтын дипломдардың көшірмелері және ғылыми атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор);

6) ұміткердің ұйымдарда кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын, ұміткер штаттық қызметкер болып табылатын құжаттарды табыс еткен күнге дейін күнтізбелік отыз күннен ерте емес уақытта тиісті персоналды басқару қызметі куәландырған қызметтік тізім (жұмыс, енбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

7) ұміткерде Хирш индексінің болуын растайтын Web of Science (Уәп оғ Сейнс) және (немесе) Scopus (Скопус) дерекқорынан алынған суреттердің көшірмелері, ORCID (ОРКИД) нөмірі (ғылыми авторларды сәйкестендірудің әріптік-цифрлық коды), Researcher ID (Web of Science (Уәп оғ Сейнс) базасындағы ғалымның идентификаторы, Author ID (Scopus (Скопус) базасындағы автордың бірегей нөмірі, бар болса);

8) ұлттық бірегейлік саласындағы әлеуметтік гуманитарлық бағыттарды және ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс жөніндегі бағыттарды қоспағанда, рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған соңғы 10 (он) жылдағы (Journal Citation Reports (Джоurnal Ситэйшн Рэпорты) Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының деректері бойынша 1 (бірінші) және 2 (екінші) квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерек қорында базасында Cite Score (Сайт Скор) бойынша кемінде 50 (елу) процентиль көрсеткіші бар, жарияланымдардың көшірмелері;

8-1) ұлттық бірегейлік саласындағы әлеуметтік гуманитарлық бағыттар үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдар тізбесінің журналдарында және (немесе) Scopus (Скопус) және (немесе) Web of Science (Веб оғ Сайнс) дерек қорында

рецензияланатын ғылыми журналдарда соңғы 5 (бес) жылдағы жарияланымдардың көшірмелері;

8-2) ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі бағыттар үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесінің журналдарындағы соңғы 5 (бес) жылдағы жарияланымдардың (мақалалардың) көшірмелері;

9) үміткердің осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ немесе орыс тілдеріндегі бағдарламасы;

10) үміткерде бар екенін растайтын құжаттардың (дипломдардың, аттестаттардың) көшірмелері (бар болса):

ғылым және техника саласындағы халықаралық және (немесе) мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты атағы;

ғылым және техника саласындағы халықаралық және (немесе) мемлекеттік сыйлықтарға стипендиялар;

халықаралық ғылым академияларына мүшелік;

инновациялардың жаһандық индексінің өзекті рейтингінде көшбасшы орын алатын 30 (отыз) елдің бірінің өнертабысына, өнеркәсіптік ұлгісіне, пайдалы моделіне, селекциялық жетістігіне немесе интегралдық микросхемалар топологиясына арналған қорғау құжатының болуы (гуманитарлық ғылымдар үшін – зияткерлік меншік объектісіне қорғау құжатының болуы);

Elsevier (Эльзивир), Brill (Брилл), CRC Press (CRC Пресс), De Gruyter (Де Гройтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley&Sons (Джон Уайли және Сонс), McGrawhill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Ланг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикејшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US NEWS Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе World Universities Academic Ranking of World University ((Академик Ранкин оғ Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтінгтегі университет баспасында жарияланған ғылыми монографиялардың авторлары;

11) консультанттың және (немесе) кемінде 3 (үш) философия докторы (PhD) және (немесе) ғылым кандидаттары немесе ғылым докторлары (бар болса) мэртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері (тағайындау туралы бұйрықтың немесе сертификатталған хаттың көшірмелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей);

12) ғылымды қажетсінетін өнімді мемлекеттік тіркеу туралы құжат (бар болса).

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Құжаттарды қабылдау мерзімі хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

## **2-Параграф. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигін сайлау жөніндегі конкурсты өткізу тәртібі**

9. Конкурс үш кезеңнен тұрады:

1) I кезең – үміткерлердің құжаттарын осы Қағидалардың 7-тармағына және осы Бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Академия академиктеріне сайлау өлшемшарттарына (бұдан әрі – өлшемшарттар) сәйкестігін қарау;

2) II кезең – балдық жүйе бойынша сараптама комиссиясының үміткерлерді бағалауы;

3) III кезең – Академия төралқасының үміткер бағдарламасын бағалауы.

10. I кезеңде Академия осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген ұсынылған құжаттардың толықтығын және үміткердің өлшемшарттарға сәйкестігін тексеруді үйимдастырады.

11. Үйим Қағидалардың 7-тармағына және (немесе) қолданылу мерзімі откен құжаттарға сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Академия құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кемшіліктерді жою және құжаттардың толық топтамасын ұсыну қажеттілігі туралы үйимға хабарлама жібереді.

Хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде үйим Академияға жоқ құжаттарды ұсынады.

12. Қағидалардың 7-тармағына сәйкес құжаттарды қайта ұсынбаған кезде Академия үйимның өтініші тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге құжаттарды еркін нысанда қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап жібереді.

13. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда үміткерлердің тізімі Академияның ресми <https://qazscience.gov.kz> мекен-жайы бойынша интернет-ресурсында 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

Ұсынылған құжаттар Қағидалардың 7-тармағына және (немесе) өлшемшарттарына сәйкес келмеген жағдайда, Академияның жауапты орындаушысы акт жасайды (еркін нысанда), ол 1 (бір) жұмыс күні ішінде үміткерге жазбаша хабарлама жібереді.

14. II кезеңде Академияның сараптама комиссиясы 10 (он) жұмыс күні ішінде әрбір жіберілген үміткер бойынша балдарды есептейді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Академияның жарамды академигі болып сайлануға үміткердің сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша сараптама комиссиясының қорытындысын ұсынады.

Әр мамандық бойынша үміткерлердің рейтингі балдарды саралаудың кему жүйесі бойынша хаттамамен ресімделеді.

Кемінде 5 (бес) мүшеден тұратын сараптама комиссиясының құрамы мен ережесін Академия төралқасы бекітеді. Сараптама комиссиясының тәрағасы мен хатшысы Академия төралқасының шешімімен айқындалады.

15. Сараптама комиссиясының хаттамасына сараптама комиссиясының әрбір мүшесі қол қояды және қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде академия төралқасының отырысына шығарылады.

16. III кезеңде сараптама комиссиясының хаттамасын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда белгіленген Академия төралқасының отырысында академияға сайлануға үміткердің ұлгілік бағдарламасы бойынша үміткер бағдарламаны қорғайды.

Академия Төралқасы үміткердің бағдарламасын бағалауды оның өзектілігін, жаңашылдық деңгейін (оның ішінде жоспарланған зерттеулер мен әзірлемелерді), тиімділігін (ұлттық даму мақсаттарына қол жеткізуге және ғылыми-технологиялық даму басымдықтарын іске асыруға қосқан үлесі бөлігінде), мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді және Академия Төралқасы бекітетін Қағидаларға сәйкес бағдарламаның ресурстық қамтамасыз етілуін айқындау тұрғысынан жүргізеді.

Академия Төралқасының отырысында үміткерлердің бағдарламасын қорғау күндізгі нысанда және олардың жеке қатысуымен жүргізіледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Академия академиктеріне сайлау академияның нақты академиктерінің жалпы жиналышының отырысында Академияның нақты академиктерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің кворумы болған кезде жүргізіледі.

18. Академияның нақты академиктерінің жалпы жиналышының отырысында үпайларды есептеуді Академияның нақты академиктерінің жалпы жиналышы құратын есеп комиссиясы жүргізеді.

Есеп комиссиясы 3 (үш) адамнан тұрады.

Есеп комиссиясына Академия төралқасының мүшелері, сондай-ақ Академияның атқарушы органдарының мүшелері кірмейді.

19. Академияның негізгі академигі болып негізгі академикке үміткердің сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша сараптама жөніндегі сараптамалық комиссия қорытындысына сәйкес ең көп балл жинаған, бағдарламаны қорғау нәтижелері бойынша бағалаудың ең жоғары көрсеткішін алған және Жалпы жиналышқа қатысқан негізгі академиктердің жалпы санының кемінде үштен екісі даусыс берген үміткер сайланды деп есептеледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. 5 (бес) жыл қорытындысы бойынша Академияның қазіргі мүшесі Академия төралқасының отырысында бағдарлама аяқталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы тұпкілікті есепті ұсынады және қорғайды.

21. 5 (бес) жылдық кезең аяқталғаннан кейін бір ай ішінде Академияның нақты академигі келесі 5 (бес) жылға арналған жаңа бағдарламаны ұсынады және оны нақты академиктердің Жалпы жиналысының отырысында қорғайды.

Академик 1 (бір) ай ішінде жаңа бағдарлама ұсынбаған жағдайда академик Академияның жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда (еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоспағанда) мұндай оқиғалар, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс қымылдары, блокадалар, тиісті анықтамамен расталған академиктің ауруы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрүғына сәйкес нысанда (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген), заннамадағы өзгерістер, мемлекеттік органдардың актілерін шығару) Академияның нақты академигі мәртебесін жоғалтады.

### **3-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академиктерін сайлау тәртібі**

22. Академияның құрметті академигі (бұдан әрі – құрметті академик) болып сайлануы адамның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметі саласындағы еңбегін, қабілеттерін, бастамашылығы мен жауапкершілігін мойындаудың көрінісі болып табылады.

23. Құрметті академик ретінде қызметі ғылым мен техниканың дамуымен үздіксіз байланысты және келесі талаптардың біріне сәйкес келетін ғалым сайланады:

- 1) ғылымның тиісті саласында ғылыми қоғамдастық мойындаған ұлттық және (немесе) халықаралық деңгейдегі ғылыми жетістіктері болады;
- 2) отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан және оны әлемдік аналогтар деңгейінде байытқан;
- 3) ғылыми қоғамдастықта, оның ішінде шетелде белгілі жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мектебі бар;
- 4) ғылыми ұйымдарда және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға үлес қосқан.

24. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің 1996 жылғы 11 наурызға дейін сайланған академиктері Академияның құрметті академиктері болып табылады.

25. Зейнеткерлік жасқа толған және осы Қағидалардың 23-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін Академияның нақты академиктері Академия төралқасының

шешімі бойынша Академияның құрметті академигі мәртебесіне ие болады және оларға қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өмір бойы стипендиялар төленеді.

26. Ерекше жағдайларда, ғылым саласындағы уәкілетті органның өтінішхаты бойынша қызметі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және (немесе ) саяси дамуына елеулі ықпал еткен және қызметі осы Қағидалардың 23-тармағының талаптарына сәйкес келетін адамдар құрметті академиктер болып сайланады.

27. "Құрметті академик" атағы өмір бойлық болып табылады.

27-1. Академияның құрметті академиктері осы Қағидалардың талаптарына сәйкес Академияның негізгі академиктерін сайлау үшін конкурсқа қатысады.

**Ескерту. Қағидалар 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

28. Құрметті академиктер Академияның басқару органдарының ашық және жабық отырыстарына қатысуға және кеңесші дауыс береді.

29. Құрметті академикке оның өтініші бойынша Академияның басқару органдары отырысының кез келген уақытында сөз сөйлеу үшін сөз беріледі.

#### **4-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін өтпелі кезеңде сайлау тәртібі**

30. Академиктердің жалпы жиналысының қызметін ұйымдастыру және оларды сайлаудың алғашқы рәсімдерін өткізу үшін Академия жарғысына сәйкес құрылатын өтпелі төралқа құрылады.

Академияның өтпелі төралқасы ғылыми дәрежесі бар Академияның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және ғылым саласындағы уәкілетті органның басшысынан құрылады.

31. Өтпелі төралқа құрылған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өз отырысында Академияның академиктерін сайлаудың бірінші рәсімін өткізеді.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес сайланған академиктер жалпы жиналыста Академия төралқасының құрамын сайлайды.

33. Академия төралқасының құрамы сайланғаннан кейін өтпелі төралқа Академия жарғысына сәйкес өз қызметін тоқтатады.

"

"

(ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген ұйымның атауы)

азаматтың құжаттарын қарau туралы өтініш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайлануға қатысу.

Осы хатпен "

"

(ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген ұйымның атауы)

үміткердің Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидаларының 7-тармағына және өлшемшарттарына сәйкестігін растайды.

Қосымша: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы қуәліктің көшірмесі "

"

(ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген ұйымның атауы)

Ұйымның басшысы

ТАӘ (ол бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Ұлттық

ғылым академиясының

академиктерін сайлау

қағидаларына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық

ғылым академиясы

## Өтініш

Маған \_\_\_\_\_ Т.А.Ә. (ол бар болған жағдайда) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайлануға арналған конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1	Жеке басын қуәландыратын құжаттың деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері)	
2	Туган күні	
3	Жұмыс орны (қыскартуларсыз)	
4	Лауазымы (қысқартусыз)	
5	Білімі (қай оку орнын, факультетті, қай жылы бітірген)	
6	Ғылыми дәрежесі немесе атағы	
7	Марапаттар, көтермелегеулер (мемлекеттік, ведомстволық)	
8	Ғылым саласы	

ORCHID (ОРСИД) (ғылыми

	авторларды сәйкестендірудің әріптік-цифрлық коды)	
10	Researcherid (Risecraidi) (Web of Science базасындағы ғалымның идентификаторы (Уәп оған сайнс), бар болса)	
11	Author ID (автор айди) (Scopus базасындағы автордың бірегей нөмірі (Скопус), бар болса)	
12	Scopus (Скопус) Хирш Индексі	
13	Web of Science (Уәп оған сайнс) Хирш индексі	
14	Электрондық мекенжайы	
15	Байланыс телефоны (үй, ұялы)	

Осы өтінішпен жоғарыда көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

(ұміткердің ТАӘ (ол бар болған жағдайда) және қолы, күні)

Казақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясы

## Отініш

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мен, \_\_\_\_\_ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке күелік \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы азаматы (нөмірі, күні және жеке басын күеландыратын құжатты кім берді), ЖСН \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
(нақты тұрғылықты мекен-жайы), \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының келісімін беремін (бұдан әрі – Академия) және үшінші тұлғаларға, яғни қазіргі уақытта да, болашақта да академиямен менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі, осы Келісіммен регламенттелген мақсаттарда заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен байланысты тұлғаларға, Академияның қалауы бойынша, Академиямен туындауына байланысты, бұрыннан бар немесе болашақта туындастын кез келген еңбек, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастардың, менің (Мен туралы) дербес деректерімнің көздерінде, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес болашақта оларда болып жатқан электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген өзгерістер және (немесе) толықтырулар.

Академия академигін сайлау конкурсына қатысу кезеңінде Академияға тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, менің (мен туралы) дербес деректерімнің кез келген өзгерістері және (немесе) толықтырулары туралы Академияға жазбаша хабарлауға міндеттенемін.

Академия үміткердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және трансшекаралық беруді мынадай мақсаттар үшін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей жүзеге асырады :

- 1) Академияның оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген құқықтары мен міндеттерін тиісінше орында мақсатында;
- 2) академияны ішкі бақылау және есепке алу үшін, сондай-ақ үміткердің және Академияның өз міндеттемелерін тиісінше орындаудың бақылау және растау үшін, оның ішінде тиісті конкурстар (шарттар, келісімдер) бойынша;
- 3) Академияның құқықтарын сот және соттан тыс қорғау үшін:  
тиісті мәмілелер (шарттар, келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда;  
үшінші тұлғалармен даулы жағдайларды қоса алғанда, даулы жағдайлар туындаған жағдайда;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге де жалпыға қолжетімді дереккөздерде ашылған және жалпыға қолжетімді деректерді орналастыру үшін.

Мен, \_\_\_\_\_ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ЖСН \_\_\_\_\_, мен мыналарды растаймын:

- 1) осы Келісім Академиямен барлық қатынастарға, оның ішінде осы келісім берілген кезде туындайтын және (немесе) туындайтын, оның ішінде болашакта туындайтын қатынастарға қолданылады;
- 2) осы Келісіммен Академияға үшінші тұлғалардың менің дербес деректеріме қол жеткізу шарттарын дербес айқындау; заңнамаға сәйкес дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде дербес деректерді тарату құқығын беремін;
- 3) академия дербес деректерді жинау, өңдеу және трансшекаралық беру кезінде үміткердің хабарламасын талап етпейді;
- 4) осы Келісім Академияда үміткердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге қажетті өкілеттіктердің бар екендігінің дәлелі ретінде үшінші тұлғаларға беріледі;
- 5) осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттелген жағдайларда жазбаша нысанда ресімделген тиісті өтініштің негізінде кері қайтарып алынады, ол академияға осы Келісім кері қайтарылған күнге дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Бұл ретте мен осы Келісімді Занда көзделген жағдайларда, сондай-ақ Академия алдында орынданмаған міндеттемелерім болған кезде қайтарып алуға болмайтыннан хабардармын;

- 6) егер Мен және академия арасында жасалған тиісті (ми) Шартпен (лармен) немесе өзге де мәмілелермен Академияның дербес деректердің ашық байланыс арналары арқылы беруі көзделген немесе көзделсе, мен оларды үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін түсінемін және осындай тәуекелді өзіме қабылдаймын;

7) тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, Байланыс ақпараты (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы және), портреттік бейнесі (фотосуреті) бар дербес деректер жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни оларға қол жеткізу еркін болып табылады;

8) Академия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда үміткердің келісімінсіз дербес деректерді жинауды, өндөуді және трансшекаралық беруді жүргізеді;

9) дербес деректерді жинау, өндөу тізбесі мен тәртібін белгілейтін Академия актілерімен таныстым және осындай тәртіппен келісемін;

10) академия заң талаптарын және (немесе) осы Келісімде қол жеткізген шарттарды сақтаған жағдайда, болашақта менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинауга, өндөуге және трансшекаралық беруге қатысты Академияға қандай да бір наразылықтарым болмайды.

Осы Келісімнің мәтінін мен толық оқып, түсіндім, толықтырулар, ескертулер мен қарсылықтар жоқ.

---

(күні, қолы)

---

(Т. А. Ә (ол бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының  
академиктерін сайлау  
қағидаларына  
3-қосымша

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктеріне сайлануға үміткердің үлгілік бағдарламасы

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жогары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктеріне сайлануға үміткердің осы бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланған жағдайда үміткердің өткізуі болжанатын 5 (бес) жылдық кезеңге арналған іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы мен тізбесін қамтуға тиіс.

Әрбір іс-шара бойынша үміткердің іс-қимыл жоспарын, осы іс-шараның аяқталу нысанын және оны іске асыру мерзімін көрсету қажет. Үміткер үміткер бағдарламасының үлгілік нысанында көзделмеген қосымша іс-шараларды енгізеді не орында мерзімі бойынша өзгерістерді енгізеді.

1. Ис-шаралар тізбесін келесі кезеңдерге бөлу қажет:

- 1) ұміткердің бағдарламасын 1 (бірінші) жылы орындау;
- 2) ұміткердің бағдарламасын кейінгі кезеңдерде орындау.

Іс-шаралар тізбесінде көрсету қажет:

1) ғылым мен техника саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға қатысу – кемінде 1 (бір) ұсыныс;

2) өз бағыты бойынша Қазақстан Республикасында ғылымды дамыту жөніндегі өзіндік болжамдарды жүргізу бойынша деректер – кемінде 1 (бір) ұсыныс.

2. Бірінші және үшінші жылдардағы кезеңде ұміткер бағдарламасының орындалуы:

1) көпсалалы зерттеу тобын ұйымдастыру – кемінде 1 (бір) зерттеу тобы ( ұміткердің тікелей басшылығымен кемінде 2 (екі) ғылыми-техникалық бағдарламаны және/немесе жобаларды іске асыруға арналған шарт);

2) Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Джоурнал Ситэйшн Рэпорты) деректері бойынша Q1-Q2 журналдарында мақалалар шығару – кемінде 3 (үш) мақала;

3) әр түрлі ғылыми іс – шараларды ұйымдастыру және (немесе) өткізу (зерттеу бейіні бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі мастер кластар, конференция, тренингтер) – кемінде 3 (үш) іс-шара).

3. Ұміткердің 5 (бес жылдық) кезеңдегі бағдарламасын орындау:

1) отандық ғылыми кадрлар PhD философия докторларын, бейіні бойынша докторларды және (немесе) ғылым кандидаттарын және ғылым докторларын даярлау – кемінде 2 (екі);

2) ғылыми жобалар мен бағдарламаларға, мемлекеттік бағдарламаларға, заң жобаларына, нормативтік құқықтық актілер мен стандарттар жобаларына сараптама жасау – кемінде 10 (он) сараптамалық қорытынды;

3) ғылымды қажетсінетін өндірістер мен инновациялық қызметті (техникалық, инженерлік, жаратылыстану ғылымдары) құруға қатысу – кемінде 1 (бір) зауыт, цех, тәжірибелік-өндірістік алаң (пайдалануға беру актісі), стартап-компания;

4) кәсіпкерлік субъектілерін ғылыми қызметке тартуды қамтамасыз ету – кемінде 3 (үш) бірлескен шарт (оның ішінде ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру және/немесе қоса қаржыландыру);

5) гуманитарлық ғылымдар саласында оқулық және (немесе) монография, мұражай көрмелері, иллюстрациялық бейне дәрістер, ұлттық киносценарийлер дайындау – кемінде 5 (бес) оқулық;

6) зияткерлік меншік объектілеріне қорғау құжатын (өнертабыстар, өнеркәсіптік ұлгілер және пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиялары) өнертабысқа арналған жаһандық инновациялар индексінің ( техникалық, инженерлік, жаратылыстану ғылымдары) соңғы рейтингінде көшбасшы орын алғатын 30 (отыз) елдің патенттік ұйымдарының бірінен қорғау құжатын алу – кемінде 2 (екі) қорғау құжаттары;

7) зияткерлік меншікті мемлекеттік тіркеу туралы қорғау құжатын алу (гуманитарлық ғылымдар үшін) – кемінде 1 (бір) қорғау құжатын алу;

8) ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу – ғылыми және (немесе) коммерциялық ұйымдармен жасалған кемінде 3 (үш) шарт;

9) ғылымды танымал етуге қатысу (бұқаралық ақпарат құралдарында ғылыми зерттеудердің нәтижелерін жариялау) – теледидарда және (немесе) радиохабарларда кемінде 5 (бес) сұхбат, республикалық деңгейдегі баспа бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 5 (бес) ғылыми-танымал мақалалар жариялау, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі орындарында білім алушылар үшін ғылыми – танымал кемінде 5 (бес) дәріс оқу, бейнематериалдар (бейнеәдістер, фильмдер, репортаждар, бейне-подкасттар және басқалар) жасау және оларды интернет – ресурста орналастыру (сілтемелер, бейне есептер) - кемінде 5 (бес) жұмыс.

---

— Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), күні және қолы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының  
академиктерін сайлау  
қағидаларына  
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының  
төралқасы

**Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының нақты академигі болып  
сайлануға үміткердің сапалық және сандық көрсеткіштері жөніндегі сараптама  
комиссиясының қорытындысы**

(Т. А. Ә. (бар болса))

**Ескеरту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

№		Болмауы	Максималды балл	1-параметр	2- параметр
1	Үміткерде ғылым және техника саласындағы халықаралық және (немесе) мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағының болуы	0	5	Мемлекеттік сыйлық болған жағдайда 3 балға дейін беріледі	Халықаралық сыйлық болған жағдайда 5 балға дейін беріледі

2	Үміткерде ғылым және техника саласындағы халықаралық және (немесе) мемлекеттік стипендияларды ң лауреаты атағының болуы	0	5	Мемлекеттік стипендия болған жағдайда 3 балға дейін беріледі	Халықаралық стипендия болған жағдайда 5 балға дейін беріледі
3	Үміткердің халықаралық ғылыми академияларына мүшелігінің болуы	0	5	1 – 3 академияларға мүшелік 3 балға дейін	4 және одан да көп академияларға мүшелік 5 балға дейін
4	Үміткердің өнертабысқа, өнеркәсіптік Ұлтіге, пайдалы модельге, селекциялық жетістікке немесе интегралдық микросхемалар топологиясына жаһандық инновациялар индексінің өзекті рейтингінде көшбасшы орын алатын 30 (отыз) елдің бірінің корғау құжатының болуы (гуманитарлық ғылымдар үшін - зияткерлік меншік объектісіне корғау құжатының болуы);	0	10	Қазақстандық патент немесе шетелдік патент болған жағдайда (гуманитарлық ғылымдар үшін - зияткерлік меншік объектісіне корғау құжатының болуы) 5 балға дейін	Халықаралық патент болған жағдайда 10 балға дейін беріледі
5	Үміткерде конструкторлық	0	10	Қазақстан Республикасының и конструкторлық -технологиялық	Шет елдің конструкторлық -технологиялық

	-технологиялық құжаттаманың булұы			күжаттамасы болған жағдайда 10 балға дейін	күжаттамасы болған жағдайда 10 балға дейін
6	Ғылыми кеңесші және (немесе) басшы ретінде З (уш) философия докторын (PhD), бейіні бойынша докторларды, <b>ғ ы լ ы м</b> кандидаттарын немесе ғылым докторларын даярлау тәжірибесі	0	5	1-2 адам 3 балға дейін	3 адамнан жоғары 5 балға дейін
	Барлығы:		40		

Сараптама комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болса)

Сараптама комиссиясының мүшелері \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болса)

Сараптама комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болса)

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары

білім министрінің

2022 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 223 бұйрығына

2-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау өлшемшарттары

**Ескеरту.** Өлшемшарттар жана редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 24.11.2023 № 599 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 15.03.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайлануға үміткерлерге қойылатын өлшемшарттары:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы;
- 2) соттылығының болмауы немесе болуы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды

тану қағидалары сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган таныған ғылыми дәрежесінің (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) растайтын дипломдардың көшірмелері және ғылыми атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) болуы;

4) үміткер штаттық қызметкер болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүргізуге аккредиттелген ғылыми ұйымда немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) ұлттық бірегейлік саласындағы әлеуметтік гуманитарлық бағыттарды және ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс жөніндегі бағыттарды қоспағанда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Джоурнал Ситэйшн Рэпорты) 1 (бірінші) және 2 (екінші) квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми журналдарында немесе Scopus (Скопус) дерекқорында Cite Score (Сайт Скор) көрсеткіші кемінде 50 (елу) процентиль көрсеткіші бар соңғы 10 (он) жылда кемінде 9 (тоғыз) жарияланымның болуы;

6) ұлттық бірегейлік саласындағы әлеуметтік гуманитарлық бағыттар үшін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесінің журналдарында және (немесе) Scopus (Скопус) және (немесе) Web of Science (Веб оф Сайнс) дерекқорларында рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған соңғы 5 (бес) жыл ішінде кемінде 9 (тоғыз) жарияланымның болуы;

7) ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі бағыттар үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесінің журналдарында соңғы 5 (бес) жылда кемінде 9 (тоғыз) жарияланымның болуы.